

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 қыркүйектегі № 309 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 26 қыркүйекте № 3856 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 81 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 16.03.2017 № 81 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Шардара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1, 2, 3 – қосымшаларына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Алиповке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің
міндетін атқарушы*

К.Жолдыбай

Шардара ауданы әкімдігінің
6 қыркүйек 2016 жылғы
№ 309 қаулысына 1-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Аудан атауы	Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны	Оның ішінде	
			республикалық бюджет есебінен	жергілікті бюджет есебінен

1	Шардара ауданы	4177	3467 оның ішінде: 1514 орын-мемлекеттік балабақшалар, 1026-орын жеке меншік балабақшалар, 927-орын мектеп жанындағы шағын орталық	710
---	----------------	------	---	-----

Шардара ауданы әкімдігінің
6 қыркүйек 2016 жылғы
№ 309 қаулысына 2-қосымша

Жан басына шағып қаржыландырудың мөлшері

Айына бір тәрбиеленушіге кететін орташа шығыс, теңге		
Мемлекеттік бала бақшалар	Жеке меншік бала бақшалар	Мектеп жанындағы шағын орталық
23331	18375,8	7131

Шардара ауданы әкімдігінің
6 қыркүйек 2016 жылғы
№ 309 қаулысына 3-қосымша

Ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Барлығы	Күніне бір баланың шығыны, 3 жасқа дейін теңге (көп емес)	Күніне бір баланың шығыны, 3 жастан 7 жасқа дейін теңге (көп емес)
	398,5	597,2

Ескертпе: 1 күніне бір балаға жас ерекшелігіне қарай кететін шығын. Нақты жұмыс күніне есептелген.